



010000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 34
тел.: 8 (7172) 31-81-88, факс: 8 (7172) 31-73-27
<https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat>

010000, город Астана, ул. Мәскеу, 34
тел.: 8 (7172) 31-81-88, факс: 8 (7172) 31-73-27
<https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat>

20.01.2026 № 2-20-26-00380

**Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі**

**Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі**

**Астана, Алматы, Шымкент
қалаларының және облыс
әкімдіктеріне**

Жаңа киберқауіпке қатысты

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығы (бұдан әрі - Комитет) халықаралық ақпараттық кеңістіктің мониторингі барысында Telegram көмегімен алаяқтықтың жаңа тәсілі анықтады.

Шетелдік ақпарат көздеріне сәйкес (<https://vz.ru/news/2026/1/4/1385164.html>, <https://www.ixbt.com/live/offtopic/mvd-predupredilo-o-vredonosnyh-zagruzkah-cherez-knizhnye-boty-v-telegram.html>) алаяқтар тегін электронды кітаптар ретінде Telegram-да зиянды APK-файлдарды таратады, жеке деректерге, банктік ақпаратқа қол жеткізуге және әлеуметтің құрбандардың электрондық құрылғыларын толық бақылауға алуға мүмкіндік береді.

Алдау сценарийі бойынша пайдаланушы Telegram-ботты табады, ол үлкен кітапханасына шектеусіз кіруге уәде береді. Сұрауды жібергеннен кейін бот нақты сервистің иллюзиясын жасай отырып, қажетті кітаптың қысқаша сипаттамасын береді, содан кейін кітапты онлайн оқу немесе жүктеу үшін «арнайы қосымша» деген атпен вирустық файл орнатуды ұсынады.

Қауіптің бұл түрі шетелде енді пайда бола бастағанын ескере отырып, ел халқын жаңа киберқауіп туралы хабардар ету және ескерту бойынша жұмыс жүргізуді ұсынамыз.

Сонымен бірге, Комитет бұл қауіп-қатер туралы ақпаратты Бас прокуратураның ресми интернет-ресурсында орналастырғанын хабарлаймыз (Баспасөз хабарламасы қоса беріледі).

Бұл ақпарат одан әрі жарияланған жағдайда Комитеттің Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығын дереккөз ретінде көрсетуді сұраймыз.

Хатты қарау нәтижелері мен қабылданған (қабылданған) шаралар туралы ақпарат **2026 жылғы 30 қаңтардан** кешіктірілмей күтіледі.

Қосымша: баспасөз хабарлама 2 парақта.

Төрағаның орынбасары

Е. Ахметов